

ЕНЕКЕ ҚАНДАЙ ЖАНУАР?

Енеке – Жер бетіндегі ең ірі жануарлардың бірі. Олардың жабайы және қолға үйретілген түрлері бар. Бұл жануарлар көбіне сулы жерлерде, су қоймаларға жақын маңда өмір сүреді. Өсімдіктермен әсіресе су жағалауындағы көк құрақпен қоректенгенді жақсы көреді. Көбіне түнде жайылып, күндіз ыстық күннен қорғану үшін батпақты суларға түсіп жан сақтайды.

Жабайы енекелер

Жабайы енекелер жылы жақта кездеседі. Жабайы енекелердің азиялық және африкалық түрлері бар. Азияның оңтүстігінде, ну ормандар мен өзенді жазықтарда азиялық енекелер мекендейді. Олар кішігірім табын болып тіршілік етеді. Олардың басты жауы жолбарыс.



Қолға үйретілген енекелер

Адамдар енекені өте ертеде –ақ қолға үйреткен.Үй енекесі – тропиктік ауылшаруашылығында таптырмайтын жануар.Оны Азия мен Африка жерінен Америка мен Австралияға апарып, асырайды.Оларды әсіресе күріш алқаптарын егуде пайдаланады.

ЕРГЕЖЕЙЛІ ЕНЕКЕНІ БІЛЕСІҢ БЕ?


- Индонезия жерінде, Сулавеси аралында енекенің ергежейлі түрі тіршілік етеді. Ол аноа деп аталады. Кішкентай ғана, қойдан шамалы үлкендеу, қысқа бірақ түп-түзу аяқты сиырды көз алдыңа елестетші... Барлық тіршілігі өзінің туыстастарына ұқсағанымен, ерекшелігі – жалғыз өзі не тек жұптасып тіршілік етеді. Аноа халықаралық Қызыл Кітапқа енген.



Тамарау



Азиялық енекелердің бір түрі, тек Филиппин жерінде ғана мекендейтін енекені тамарау деп атайды. Сырт бейнесінде бөкендермен ұқсастық бар.



- Бангкоктан 70 шақырым жердегі Чонбури елді мекенінде мүйізді жануарға мініп жарысатын дәстүр бар. Сол сияқты жарыс өтетін күні “ең күшті енеке”, “ең әдемі әшекейленген енеке” сияқты сайыстар болады.



- Енекенің сыртқы бейнесі сұсты көрінгені-
- мен,ол мейірімді жануар. Ешкімге өздігінен тиіспейді.

Қызықты

деректер

- Енеке – өте сақ және қырағы жануар. Олар ұйықтағанда әр 2 минут сайын оянып тұрады.
- Әйгілі италяндық моцарелла ірімшігі негізінен енеке сүтінен дайындалады екен.
- Үндістан халқы сиырды қасиетті жануар санап, оның етін жемейді. Бірақ енеке етін жеуге рұқсат етілген.

Шығыс Қазақстан облысы
Үржар ауданы
Жарбұлақ орта мектебі
Биология пәні мұғалімі Қожамсейтова
Айнагүл Ахатқызы